

Өскемен қалалық мәслихатының "Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін белгілеу ережесін бекіту туралы" 2010 жылғы 23 шілдедегі № 26/4 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қалалық мәслихатының 2014 жылғы 23 қаңтардағы N 26/2-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 11 ақпанда № 3189 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қалалық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы N 34/5-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қалалық мәслихатының 23.12.2014 N 34/5-V шешімімен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97-бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысына сәйкес Өскемен қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Өскемен қалалық мәслихатының "Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін белгілеу ережесін бекіту туралы" 2010 жылғы 23 шілдедегі № 26/4 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 5-1-149 нөмірімен тіркелген, 2010 жылғы 16 тамызда № 101 "Дидар" газетінде, 2010 жылғы 14 тамызда № 100 "Рудный Алтай" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген шешіммен бекітілген Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін белгілеу ережесінде:

2 тармақтың 4) тармақшасы алынып тасталсын;

3 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"3. Тұрғын үй көмегі тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындайтын сметаға сәйкес , тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызмет

көрсетулердің ақысын төлеуге жеткізушілер ұсынған шоттар бойынша көрсетіледі.

Коммуналдық қызметтерді жеткізушілер уәкілетті органға табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі уәкілетті органмен келісілген коммуналдық қызметтерге тарифтерді, олардың өзгерістерін ұсынады. Тұрғын үй көмегін есептеу кезінде қызмет көрсетушілермен ұсынылған жылудың шығындалуы тұрғын үй алаңының әлеуметтік нормалары шегінде есепке алынады.";

4 тармақтың 3) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"3) азаматтарды тіркеу кітабының не мекенжай анықтамасының көшірмесі;"

4 тармақтың 9) тармақшасы алынып тасталсын;

5 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"5. Тұрғын үй көмегін алушылар өтініш жасаған тоқсанның алдындағы тоқсанға 4 тармақтың 4) - 8) тармақшаларында санамаланған құжаттарды қоса берумен тоқсан сайын өтініш береді.";

12 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"12. Тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, электр жүйесімен, газбен қамтамасыз етуге, лифттерге қызмет көрсетуге арналған шығыстар өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсанға орта есеппен ескеріледі. Сумен қамтамасыз ету, су бұру, жылу энергиясы, қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару, телекоммуникация қызметтері үшін шығыстар қызмет көрсетушілердің тарифтері бойынша ескеріледі.";

18 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"18. Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.".

2. Осы шешім 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы шешімнің 1 тармағының үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші абзацтарын қоспағанда алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Сессия төрағасы</i>	<i>О. Фролов</i>
<i>Қалалық мәслихаттың хатшысы</i>	<i>А. Абакумов</i>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК